

6 СЕКЦИЯ

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОРНЫ МЕН РӨЛІ

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ҰЛТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМДІ НЫҒАЙТУДАҒЫ РӨЛІ

Жолдыбекова А.А.

Ғылыми жетекшісі: тар.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а., Джумалиева Л.Т.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті

Aimzoldybekova144@gmail.com

Астана қ.

Тәуелсіздікке ие болған алғашқы күннен бастап қазақстандық қоғамды ұйыстыру, барлық этностық топтардың тең құқықты өмір сүруін қамтамасыз ету мемлекеттің ұлттық саясатының іргелі бағыттарына айналды. Халық бірлігін сақтаудың ажырамас міндеті толеранттылықты дамыту және оған тәрбиелеу болып табылады. Бойымызда ұлттық намысты, өзінді-өзің сыйлау сезімін сақтай отырып, басқа мәдениеттерге, тілдерге, діндер мен дәстүрлерге де осындай сыйластықпен қарауға ұмтылу қажет. Толеранттылық этносаралық келісімнің маңызды қыры ол субъектілердің өзара түсіністігімен байланысты. Сондықтан келісім мен толеранттылық этносаралық қатынастардың құндылықтық негізі болып табылады.

Этносаралық және конфессияаралық келісімді, азаматтық бірлікті қамтамасыз ету Қазақстан дамуының елдің әлеуметтік-экономикалық, саяси жаңғыруының маңызды шарты болып табылады. Ғасырлар бойы қазақтардың тарихи мекенінде әр алуан мәдениеттің, дін мен дәстүрлерді ұстанған көптеген халықтардың тағдыры тоғысты. Нәтижесінде 130тан астам этнос пен 40 конфессия өкілдері қазақтармен бейбіт өмір сүретіндей айрықша жағдай қалыптасты. Сонымен қатар, түрлі этностардың ұзақ уақыт қатар өмір сүруі қоғамда төзімділіктің орнықты дәстүрлерін қалыптастырды.

Қазіргі таңда Ассамблея этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырушы маңызды құралға айналып, елімізде тұрмыс кешіп отырған барлық этностардың өзара тең құқықты қатынасын қамтамасыз етуші рөлін атқаруда. Аталған құрылым қоғамдағы тұрақтылықты сақтаушы құралға айналғанын уақыттың өзі дәлелдеп отыр. Ассамблеяның негізгі бағыты барлық этностық топтарды ортақ мақсатқа жұмылдыру болып табылады.

Ассамблеяның өміршеңдігінің ең басты ерекшелігі – ол этностық топтардың қызметін бақылаумен айналысатын қарапайым ұйымға ғана айналып қоймай, сонымен қатар еліміздегі барлық ұлт пен ұлыстың мүдделерін бір арнаға тоғыстырушы, барлық азаматтардың этностық, діни ерекшеліктеріне қарамастан құқығы мен бостандығын сақтаушы толыққанды саяси институтқа айналуында [1,3 б].

Қазақстандық ұлт құрудың ажырамас қыры – оның көп этностығы және көпконфессиялығында. Толеранттылық, бірігу, мәдениетаралық және өркениетаралық диалог идеяларына бейімділігі – қоғамдық қатынастар аксиомасы. Билік пен азаматтық қоғам, этностар, мәдениеттер, діндер арасындағы диалог ұйымдастыру мәселелері ұлт құру процесінің маңызды құрамдас бөлігіне айналды. Диалог үшін, этносаралық және дінаралық қарым-қатынас қалыптастыруда институттардың өзара іс-әрекеттері үшін жағдай жасау, бір-біріне деген толерантты көзқарас Қазақстан жетістіктерінің негізін құрайды, бұл жетістіктерге рухани құндылықтар, халықтың бірлігі мен тұтастығы кіреді [2,40 б].

1995 жылы өткен Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төралқасының мәжілісінде сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев: «Мен көп ұлтты, көп дінді, көп тілді елдің Президентімін. Қазақстанның бұл жағдайы талай заманғы, әсіресе, кейінгі екі ғасырдағы саясаттың салдары. Өз қызметімде республикадағы барлық ұлттар мен ұлыстардың ортақ мүддесін жүзеге асыруды көздеймін. Мұндай мемлекетті ойдағыдай басқарудың мұнан басқа жол жоқ» деп қадап айтқан болатын [3,5 б]. Бұл біздің тәуелсіздік алған сәттен бастап, дамудың демократиялық, құқықтық мемлекет құруға талпынған бағытымызды көрсетсе керек. Осылайша еліміздің этносаралық қатынастарға жол бермей, қоғамды демократиялық жолмен дамытудың жолдары мен әдіс – тәсілдері іздестіріле бастады. Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаев қоғамда этностар арасындағы тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтауды басты нысанға алып, ұлттық саясатты азаматтық қоғам құру арнасына қарай бұрды [4,7 б]. Елімізде этносаралық қатынасты жүйелі даму жолына бағыттайтын алғашқы халықтарының форумын шақыруы болды. Форумда Н.Ә. Назарбаев «Біздің басты игілігімізді халықтар достығын қазақстандықтардың бірнеше ұрпақтары құрды...Сондықтан бүгін біздің тарихымыздағы көп нәрсені ой елегінен қайтадан өткізе отырып, бізді осы байлықты талан – таражға салуға, интернационализмнің ізгі дәстүрлерін ұмытуға хұққымыз жоқ. Олар соңғы он жылдықтарда ғана емес және партияның нұсқауымен құрылған жоқ» деп ерекше атап өтті. [5,111 б]. Дәл осы форумда Н.Ә. Назарбаев бұл форумды жүйелі түрде жұмыс жасайтын қоғамдық институт ретінде құруды ұсынды.

Қазақстандық ұлт құрудың ерекшеліктерін түсіну мәселесінде басты назарға алатын дүние – 1995 жылы тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың бастамашылығымен құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы

бүгінде қоғамдық келісім мен ұлттық бірліктің жанды құралы болып табылатындығы, сол арқылы этносаралық қатынастар демократияның азаматтық құндылықтарының барометріне айналғандығын айтуымызға болады. Оның рөлі мен мәртебесін конституциялық және заңнамалық деңгейде көтеру арқылы, пәрменді дамып отырған азаматтық институттар арқылы қазақстандық ұлт саясатының өзекті құндылықтары мен басымдықтары бойынша қоғамдық ортақ келісім қалыптастыру мүмкін болды.

2007 жылдың тамызында Қазақстан халқы Ассамблеясының «Біз қоғамды басты ұлттық басымдықтар төңірегіне топтастыруға тиіспіз: олар – тыныштық, тұрақтылық және келісім» тақырыбында өткен он үшінші сессиясында Н.Ә.Назарбаев баяндама жасап, ел дамуының логикасымен тікелей байланысты Ассамблея дамуының жаңа кезеңін нақты айқындады. «Біздің стратегиялық мақсатымыз – қоғамды одан әрі топтастыру және бірегей қазақстандық, бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастыру еді [6.58 б].

Ұлттың қалыптасуына мұндай көзқарас ұлт құрудағы қазақстандық ерекшеліктерді анықтаудың, мәні мен маңызын түсінудің іргелі негізі болып табылады. Бұлардың қатарына ел дамуының өзіндік үлгісін түзу жөніндегі қоғамдық процесті де қосу керек. Тәуелсіздіктің ақ таңы атқан кездің өзінде-ақ Н.Ә.Назарбаев этносаралық қатынас проблемаларын шешудің алдын - алу сипатындағы бірінші ретте тұрған шаралар қабылдады, өйткені онсыз экономикалық реформаларды және қоғам мен оның институттарын демократияландыру процесін табысты жүргізу мүмкін болмас еді. Міне, нақ солар елдің «Қазақстандық жол» деп қазақстандық жолды, этносаралық толеранттылықтың және қоғамдық келісімнің үлгісін түзу диалектикасының өзі, әмбебап институт – Қазақстан халқы Ассамблеясының қалыптасуы мен дамуы халықты бірегей саяси субъект ретінде объективті түрде айқындайды. Негізгі заңымыздың кіріспесіндегі сөздердің өзі айтып тұрғандай, Қазақстан халқы – бұл қазақстандық халықтың рухани ахуалының, оның жаңа мақсаттар мен идеяларға ұдайы ұмтылысының мәні деп айтуымызға болады.

Қазақстанда халықтың бірлігін нығайту, оның ұлттық өзін-өзі сәйкестендіруін қалыптастыру басымдығы нық орнығуда. Бұл жерде азаматтардың бірегей ұлтқа саяси топтасуы тек мемлекеттік биліктің күш-жігерін ғана емес, қоғамның өзінің осынау процеске белсенді тартылуын, оның саналы азаматтық позициясын көрсетеді [7.356].

Еліміздегі бірегей құрылым Қазақстан халқы Ассамблеясының негізгі мақсаты - мемлекеттік ұлттық саясаттың негізгі қағидаттарын жүзеге асырып, тең құқылы барлық ұлттық және діни топтардың өкілдеріне қолайлы жағдай жасау әрі конфессиялардың бір-бірімен қызметін одан әрі арттыру болып табылады. Осының арқасында Қазақстанда он жылдар бойы этникалық немесе діни негізде бірде-бір саяси жаппай қақтығыс болған жоқ. Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы заңнамалық актілері деп артық айтпауға болады, барлық азаматтардың азаматтық және саяси қоғамдастығына негізделген құқықтық базаны құрды, этникалық және діни көзқарасына қарамастан барлығының құқықтары мен бостандықтарының теңдігін қамтамасыз етті.

Қазақстан жүргізіп отырған этносаралық саясат тәжірибесі жоғары баға алды әрі дүниежүзілік қоғамдастық пен халқының көп ұлтты құрамы ұқсас елдердің қызығушылығын тудырды. Қазақстан халықаралық қоғамдастықта Қазақстанда тұратын барлық ұлт өкілдерінің арасындағы толеранттылықты, конфессияаралық және мәдениетаралық келісімді қамтамасыз етуге бағытталған дәйекті ішкі саясатты жүргізетін және біртұтас Қазақстан халқын – қазіргі заманғы және ұлттық мемлекетті белсенді құрушы халықты білдіретін мемлекет ретінде танылды. Еліміз бәсекеге қабілетті зайырлы мемлекет ретінде өзінің ерекше моделімен айқындала түсті. Республикада Қазақстанның барлық этностарының мәдениетін, тілін, дәстүрін дамыту үшін қажетті жағдайдың бәрі жасалған. Ассамблея қызметі Қазақстанның этносаралық қатынастар мәселелерін тиімді шешетін ел ретіндегі халықаралық беделін арттыруға ықпал етеді.

Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі бүгін таңда – бұл әлемде мойындалған, уақыт сынынан өткен, тәжірибеде дәлелденген пәрменді саяси және қоғамдық тетіктер. Оған қызығушылық танытқан дүниежүзілік қоғамдастықтың аясы кеңіді. Тек 2011 жылы ғана аталмыш тәжірибемен танысу үшін елімізге 14 мемлекеттің өкілдері арнайы келді. Мұның бәрі әлем ұлттық бірліктің оңтайлы үлгісін іздестіру үстінде екенін, адамдар арасындағы өзара түсіністікке ұмтылуда екендігін көрсетеді.

Бұл қызығушылық ең алдымен Қазақстанның визит карточкасы болып, біздің ұлт саясатымыздың парасатты императиві болып есептелетін, этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісімен байланысты болды [8. Б.40-41]. Елдегі қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылықтың нығайуына, бүкіл Республика халқының игілігін көздейтін экономиканың қарқынды дамуына, күрделенген әлеуметтік проблемалардың оң шешімін табуына, қазақстандық патриотизм мен мемлекет өмірінің басқа да аса маңызды мәселелерін демократиялық жолмен шешу жолында, Қазақстан халқы Ассамблеясы өзіндік үлесін қосты.

Соның нәтижесінде, Қазақстанның азаматтық бейбітшілік пен ұлтаралық келісім жөніндегі тәжірибесін әлемдік қауымдастық үлгі ретінде мойындады, оны бәріміз мақтаныш етеміз. Біз этноконфессиялық келіспеушілік болашақ қақтығыстардың негізіне айналуына жол бермеуге тиіспіз. Қазіргі таңда Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздегі өзге ұлттар мен этностардың саяси тірегі және олардың саяси құқықтарын қорғаушы институт болып табылады. Оның жұмысы қазақ халқының бауырмалдығы мен кеңпейілділік қасиетіне негізделе отырып, елімізде тұратын барлық ұлыс өкілінің ықыласын ел дамуына, өркендеуіне және үйлестіруге бағытталған. Сондықтан мемлекетіміздегі қоғамдық келісім мен тұрақтылықты нығайтуда Қазақстан халқы Ассамблеясының алатын орны мен рөлін жоғары деп есептеймін. Бүгінгі Қазақстан – азаматтарды этникалық, әлеуметтік, діни топтарға бөлмейтін, өз мемлекетін тек алға, өркендеуге жетелейтін біртұтас халық.

Соңғы жылдары елде тұрақтылық болды, жағдайды шайқайтын күштер жоқ. Еліміздегі әрбір ұлт өз ана тілінде сөйлеп, сөйлей алады, салт-дәстүрлері мен рухани бағдарларын сақтай алады. Демократиялық нормаларды тұрақтандыру мен дамытуға, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуге, халық бірлігін нығайтуға бағытталған мемлекеттік саясат ұлттық бірлік пен бірегейлікке оң ықпалын тигізетіні сөзсіз.

Елді одан әрі жаңарту, шынайы азаматтық қоғамды дамыту, барлық азаматтардың, этностардың құқықтары мен бостандықтарын нығайту бағыты – бұл бүкіл Қазақстанның әл-ауқатының артуы мен өркендеуіне бастайтын жол. Бүгінгі тарихымызды ертеңгі ұрпақ «менің тарихым» деп танығаны маңызды. Өйткені тағдырлас халықтардың қилы кезеңдерде келгені белгілі. Оларды қазақ халқы құшағын ашып, бауырына тартқан. Бүгінгі таңда қазақ халқының аясында ынтымағы жарасқан ел атанып отырмыз. Осының барлығын менің тарихым деп қарауы үшін татулық пен бірлікті ту етіп, нақты істермен болашаққа қадам жасау керек. Өлемде бейбітшілік орнағанын қаласақ, өз еліміздегі ынтымағымызды сақтай білгеніміз жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Ортақ үйімізде татулық пен келісім болсын. Қазақстан халқы Ассамблеясы I сессиясында жасаған баяндамасы // Егемен Қазақстан. 1995. 30 наурыз. - 3 б.
2. Тугжанов Е.Л. Политика межэтнической толерантности и общественного согласия в Республике Казахстан: политологический анализ: автореферат докт. полит. наук. - Астана, 2010. - 40 с.
3. Назарбаев Н.Ә. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төралқасының мәжілісінде сөйлеген сөзі // Саясат. 1995. - №1. - 5 б.
4. Назарбаев Н.Ә. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төралқасының мәжілісінде сөйлеген сөзі // Саясат. 1995. - №1. - 7 б.
5. Народы Казахстана. Энциклопедический справочник. - Алматы 2003. – 111 с.
6. Назарбаев Н.Ә. Бейбітшілік және келісім саясаты. - Астана, 2008. - 58 б.
7. Тоғжанов Е.Л. Қазақстан Республикасы мемлекеттік этносаясат императивтері. - Астана, 2012. - 35 б.
8. Тоғжанов Е.Л. Қазақстан Республикасы мемлекеттік этносаясат императивтері. - Астана, 2012. - Б 40-41.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ: ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМНІҢ БІРЕГЕЙ ҮЛГІСІ

Қалжигіт Гүлдана

Ғылыми жетекшісі: PhD докторы, профессор ассистенті Смағұлов Н.Б.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIII сессиясында, барша халқымыздың стратегиялық бағдарының түпкі мәнін осы үш ұғым дәл әрі нақты білдіретінін, бірлік пен ынтымақ басты құндылығымыз және мемлекеттік саясаттың бұлжымас бағдары болып қала беретінін айтты. Сонымен қатар Президент бүгінде жаһандық катаклизм белең алып, түрлі мемлекеттер арасында әскери-саяси, сауда-экономикалық текетірес, тіпті мәдени-гуманитарлық тартыс күшейіп бара жатқанына тоқталды [1]. Мемлекет басшысы қоғамда ұлтына қарай ерекшеленуге, оқшаулануға ұмтылған кез келген әрекетке, әсіресе, азаматтарды тіліне, ұлтына, дініне немесе мәдениетіне бола арандатуға, я болмаса кемсітуге мүлде жол бермейтін орта қалыптастыру маңызды екенін айтты. Осы тұста біз Қазақстанның көп этносқа құшағын айқара ашқанын айта кетпесек болмас. Ассамблея ол – ел ішіндегі бірлікті сақтау, тұрақтылықты қамтамасыз ету, жалпыұлттық бірегейлік пен этносаралық келісімнің болуын қамтамасыз етеді.

Көпэтносты Қазақстан үшін тұрақтылықты, этносаралық келісімді қамтамасыз ету – мемлекеттік саясаттың маңызды басым бағыттарының бірі. Әлеуметтік-экономикалық және саяси реформаларды жүргізудің тетігі болды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында құрылған Ассамблеяның негізгі стратегиялық жұмысы – мемлекет және азаматтық қоғам институттарының этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру бағытында жасақталған мекеме болып саналады. Жылдар өте келе мемлекеттік биліктің жүргізген сындарлы саясатының негізінде Қазақстан халқы Ассамблеясы енді түрлі этностардың мүддесін қорғайтын орган емес, ел азаматтарын ортақ мемлекеттік идея төңірегіне топтастыратын және ұлт бірлігін нығайтатын органға айналды.

2022 жылы «Қаңтар қасіретінен» кейін Қазақстандағы саяси билікте терең трансформациялық өзгерістер мен саяси реформалар жүргізілді. Соған сәйкес еліміздің ішкі саясатында оң өзгерістер де орын алды. Енді Парламенттің жоғарғы палатасы Сенатқа бес депутаттық мандатты Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысы бойынша Республика Президенті тағайындайды. Бұл депутаттар азаматтармен кері байланыс жасай отырып, қоғамдық бақылауды заңнамалық деңгейде жүзеге асырады және Қазақстандағы барлық этностың мүддесін Парламентте қорғайды. Сонымен қоса еліміздегі аса беделді кеңесшілік орган